


## Қатерлі молибден

Соғыс құралдарын өндірге қажетті металлдардың ішінде ерекше стратегиялық маңызға ие сирек металлдар қатарында молибденнің орны ерекше. Соғыс жағдайындағы молибден дегеніміз ол – наган, винтовка, пулеметтен бастап ірі калибрлі зенбіректердің ұнғысы (стволы), танктердің бронды жамылғысы, самолеттердің жеңіл қанқасы мен металл трубалары, ауыр моторлардың подшипниктері және тағысын тағылар. Бір ғана салыстырмалы мысал: 0,3% пайыз ғана молибден қосылған құрыштың беріктігі 1% вольфрам қосылған құрыштан анағұрлым берік болып шықты. I - дүниежүзілік соғыс тәжірибесі көрсеткендей, егер марганец қосылған болаттан жасалған ағылшын - француз танкілерінің қалындығы 75 - миллиметрлік брондары 75 - миллиметрлік зенбіректердің снарядтарымен жеңіл талқандалып отырылса, ал молибден қосылған болаттан жасалған қалындығы 25 миллиметрлік танк бронына қарсы осы снарядтар қауқарсыз болып шықты.

Ұлы Отан соғысы бастала сала барша атыс қаруларын шығару және танктерді снарядтар бұза алмайтын болат қалқандармен қаптау мәселесін шешу Кеңестер елі үшін ең өткір проблемаға айналды. Өйткені, КСРО - да 1920-1940 жылдар арасында танктерге қажетті бронды құрышты шығару үшін Украина дағы Никополь марганеці пайдаланылып келсе, оның құллі Украинамен қоса немістердің қолында қалуы енді Кеңестер елінің алдына соғыс қаруларын шығаруға қажетті молибден, вольфрам секілді сирек металлдарды өндіруді нольдік деңгейден бастап игеру мәселесін қойды.



Ескі алаң. Тәжірибе фабрикасы.



## Қатерлі молибден

жалғасы

Осы кезде Ұлы Отан соғысы тарихына байланысты Кенестер билігі кезінде мұлде айтылмай, немесе шындықтан алыстау мазмұнда маңызы төмендетіле айтылып келген бір акпаратты айта кетсек: КСРО соғыс жылдарында ленд-лиз арқылы АҚШ-ан 9,1 мың тонна молибден алса, ал Германия өзі басып алған Норвегиядан жылына шығатын 200 тоннадан басқа сырттан Португалия, Испания, Франция арқылы тек 2 мың тонна ғана молибден ала алды. Молибден өндіру соғыс қарсаңындағы КСРО-да енді ғана жолға қойылып келе жатқанды. Мәселен, I- дүниежүзілік соғыс жылдарында Ресей Забайкальедегі жалғыз Чикой кенішінен ғана күніне 16 кг. молибден концентратын алып, оны Германияда өндеп алып отырды да, ол 1926-жылы тоқтап, 1936-жылы осы өнірдегі молибден өндіру жұмыстарын жолға қою қайта қолға алынған еді.

Сейтіп, Забайкальедегі 1936 жылы Шахтаминск молибденит кен орны ашылып, онда 1941-жылы байыту фабрикасы іске қосылады да, ол 1942-жылы алғашқы молибден концентратын бере бастады. Кабардино-Балкарияда 1940 – жылы ашылып, өнім бере бастаған Тырныауыз вольфрам-молибден комбинаты 1942-жылдың қыркүйек айында фашистер әскері жақындаған кезде толықтай жарылып, істен шығарылды, жұмысшылары түгелдей эвакуацияланды. Ал Балқаш мысты кен өнірінде сульфидті кеннен алғашқы қосарлы молибден алу технологиясын 1935-жылы инженер-байытушы ғалым Е.И. Антоновский ойлап тауып, 1940-жылы молибден цехының құрылышы басталып, 1941-жылы қантарда алғашқы өндірістік молибден концентраты алынған еді.



## Қатерлі молибден

### жалгасы

1942-жылдың, 25-ақпанында гидрокорпус, тазалау цехы және салынып жатқан ұсақтау-уату бөлімдері біріктіріліп молибден цехы ашылады, ал 15-мамырда молибден фабрикасы пайдалануға беріледі де, аудысым шебері Қанатай Қалибеков тұңғыш молибден балқымасының бұлағын ашады. Мінеки, осы сәттен бастап молибден кен орны мен фабрикасының жұмысшылары женісті жакыннату үшін уақытпен санаспай енбек етіп, өнім шығару жоспарын ай сайын 7% арттыра отырып енбек етті. Соғыс жылдарындағы танктер броняна жұмсалған Қенестік молибденнің 60% Шығыс Қоңырат кеңішілерінің тері мен қанының жемісі еді. Шығыс Қоңырат молибденін игеру аса ауыр жағдайларда өтті. Жұмысшылар тұратын мекен-жай жоқ болуы себепті олар 20 шақырым жерден қатынасып істеді.

Сол ауыр күндерді флотатор Галина Александровна Танкова былай деп еске алады: «шағын молибден фабрикасының жұмысшыларының негізгі бөлігін 15-16 жастағы қолөнер училищесі мен ФЗО мектебінің окушылары құрады. Жартылай аш, үстілерінде жөні түзу киімдерінің жоқтығына, сұыққа қарамастан 16-18 сағат жұмыс істеді». Кейіннен үнемі үздік флотаторлар қатарында болған Н. В. Грудина, М. А. Аншин, П. Д. Чекушина, А. А. Садовский, П. И. Борулько аудысым шеберлері В. П. Комаров, А. Г. Сергеевтер осы молибден фабрикасының қаланған іргетасымен бірге өсіп, ерлік енбектің үлгісін көрсетті. Жоспарды асыра орындау әдеттегі құбылысқа айналды. Мысалы, Атия Тырнақовтың бұрғышылар бригадасы бір аудысымда жиырма тоннаның орнына қырық тонна молибден рудасын өндіріп, енбек жарысында үнемі алдынғы қатарда болып отырды.

